

**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті**  
**«Инженерия және инженерлік іс» даярлау бағыты бойынша**  
**Академиялық Комитеттің мәжілісі**

**№2 ХАТТАМАСЫ**

**Кентау қаласы**

**23.11.2022 ж.**

**Қатысқандар:**

**АК төрайымы:**

1. Агабекова А.Б.

- Электр инженериясы кафедрасы, PhD, аға оқытушы

**АК мүшелері:**

2. Умаров Амантур Амангельдиевич

- Электр инженериясы кафедрасы, PhD, аға оқытушы

3. Калимбетова Жансая Сейдахановна

- Электр инженериясы кафедрасы, оқытушы

4. Мұхамеджанов Нурідін Бахтиярұлы

- Электр инженериясы кафедрасы, оқытушы

5. Бабахан Шохрух Абдилкасымұлы

- Электр инженериясы кафедрасы, оқытушы

6. Худайбергенов Бауыржан Амангельдиевич

- «КТЗ» АҚның басқарма төрағасы

7. Қоқанбай Ернар Жақсылықұлы

- МЭЭ-211 тобының 1курс магистранты

**Қатыспағандар: жоқ**

**КҮН ТӘРТІБІНДЕ:**

1. Бакалавр деңгейіндегі ББ ішкі аудитін ұйымдастыру
2. Институционалдық аккредиттеудің өзіндік бағалау есебін әзірлеуге қатысу.
3. ББ әзірлеу тақырыбына семинар, тренинг ұйымдастыру
4. Бакалавр деңгейіндегі ББ мақсаттарын және оқыту нәтижелерін қайта тұжырымдау
5. Оқыту нәтижелеріне қол жеткізуді бағалау әдістерін және құралдарын жобалау
6. Қараша айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау

**Тыңдалды:**

*Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша АК төрайымы А.Б.Агабекова:* Сәлеметсіздер ме АК мүшелері, бүгінгі отырыста қаралатын мәселелер: Бакалавр деңгейіндегі ББ ішкі аудитін ұйымдастыру, Институционалдық аккредиттеудің өзіндік бағалау есебін әзірлеуге қатысу, ББ әзірлеу тақырыбына семинар, тренинг ұйымдастыру, бакалавр деңгейіндегі ББ мақсаттарын және оқыту нәтижелерін қайта тұжырымдау, оқыту нәтижелеріне қол жеткізуді бағалау әдістерін және құралдарын жобалау, қараша айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау болып табылады. Өз ойларыңызды ортаға салып талқылайық.

*АК мүшесі Умаров А.А. күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша:* «Инженерия және инженерлік іс» даярлау бағыты бойынша бакалавр деңгейіндегі ББ ішкі аудитін ұйымдастырдық. Нәтижесі: 6В07153 – Электр энергетикасы білім беру бағдарламасы 2022-2023оқу жылында жаңартылған. Ал 6В07154 – Автоматтандыру және басқару білім беру бағдарламасын жаңартып, ЕСУБОға енгізу керек

*АК мүшесі, Калимбетова Ж. күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша:* Екінші мәселе бойынша, Институционалдық аккредиттеу аккредиттеу органының білім беру ұйымының сапасын мәлімделген мәртебеге және аккредиттеу органының белгіленген стандарттарына сәйкестігін бағалау процесі. Ағымдағы жылы институционалдық аккредиттеудің өзіндік бағалау есебін әзірлеуге қатыстық, өө пікірлерімізбен бөлістік


*АК мүшесі Мухамеджанов Н.Б. үшінші мәселе бойынша сөз алып:* Университеттің Академиялық мәселер департаментінің ұйымдастыруымен ЗУМ арқылы «ББ әзірлеу тақырыбына семинар» өткізді. Барлық АК мүшелері қатысып, сөз алып, өз ойларымен

бөлісті. Алдағы уақытта жоспарға сәйкес, бізде ББ әзірлеу тақырыбына семинар, тренинг ұйымдастыру үшін жоспар жасалуда.

*АК мүшесі, Бабахан Ш.соңғы алтыншы мәселе бойынша:* Құрметті АК мүшелері қараша айына жоспарланған жұмыстардың барлығы орындалды. Бакалавр деңгейіндегі ББ мақсаттары және оқыту нәтижелері қайта тұжырымдалды. Оқыту нәтижелеріне қол жеткізуді бағалау әдістері және құралдары жобаланды. Алдағы уақытта жоспар бойынша жұмыстар одан әрі жүргізіледі, ауқымды істерді бірігіп жасасақ, барлық жұмыстар шешімін табады деп ойлаймын.

**Шешім:** «Инженерия және инженерлік іс» даярлау бағыты бойынша Бакалавр деңгейіндегі ББ ішкі аудиті ұйымдастырылды, Бакалавр деңгейіндегі 6B07154 – Автоматтандыру және басқару білім беру бағдарламасының ББ мақсаттары және оқыту нәтижелері қайта тұжырымдалды. Оқыту нәтижелеріне қол жеткізуді бағалау әдістері және құралдары жобаланды, 2022-2023 оқу жылы бойынша АК жоспары бойынша Қараша айында атқарылған іс-шаралар қабылданын.

**6B071 Инженерия және инженерлік іс  
даярлау бағыты бойынша  
Академиялық комитет төрайымы:**

 А.Б.Агабекова